

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ- АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ**

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК-
ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК
ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО СОЦИАЛЬНО-
ЭМОЦИОНАЛЬНОМУ ВОСПИТАНИЮ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО
ВОЗРАСТА**

Нұр – Сұлтан, 2022

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
«Балаларды ерте дамыту институты» базасында әзірленген*

Мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтік-эмоционалдық тәрбиелеу бойынша әдістемелік ұсынымдар – Нұр - Сұлтан, 2022. - 32 б.

Пікір жазғандар:

Ж. К. Сағалиева п.ғ.к., доцент;

Э. Нұрлан меңгеруші;

А. К. Бейсекеева әдіскер

Әдістемелік ұсынымдарда мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтік-эмоционалдық тәрбиелеу бойынша ұсыныстар берілген.

Аталған әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған.

Әдістемелік ұсынымдар «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2022 жылғы 25 тамыздағы №8 хаттама).

«Балаларды ерте дамыту институты» 2022 ж.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтік-эмоционалдық тәрбиелеу көп жағдайда тәрбиелеу-білім беру процесі жүзеге асырылатын әлеуметпен айқындалады.

«Әлеуметтік-эмоционалдық тәрбие» ұғымы баланың өзіне, басқа адамдарға, қоршаған әлемге саналы эмоционалды-оң көзқарасын мақсатты түрде дамытуды, эмоционалды жағдайларды, өзінің және өзгелердің пікірлері мен қалауларын ескеру қабілетін, сондай-ақ қоғамдағы әлеуметтік маңызды мінез-құлқын дағдыларын дамытуды білдіреді.

Бұл тақырыптың өзектілігі ХХІ ғасырдың дағдылары жаңа технологияларды меңгеруді, ауқымды ақпаратты есте сақтауды, ойдың ұшқырлығы мен креативтілікті талап етуімен байланысты. Сонымен қатар, қоғамда болатын өзгерістер мен қауіп-қатерлер адамды күйзеліске ұшыратады, ал бұл жағдай баланы тәрбиелеу мен оқытудың тиімділігін төмендетуі мүмкін, себебі балалар әлеуметтік қиындықтар мен қауіп-қатерлерге қарсы тұра алмайды.

Адами капиталды жинақтау үшін ерте жастан бастап әлеуметтік-эмоционалдық қабілеттерді дамыту қажет. Эмоционалды дамыту баланың мінез-құлқын қалыптастырумен, оларды реттеумен байланысты, сондықтан ол баланың мүмкіндіктерін саналы түрде басқаратын ойлаудың негізіне айналады.

Қазіргі кезде білім беру табысты әлеуметтік бейімделу мен әлеуметтендірудің, тәрбиелеу мен білім берудің тиімділігін арттыру үшін қажетті қабілеттерді іске асыруға бағытталған әлеуметтік-эмоционалдық дамуды қамтитын жаңа тәсілдер мен шешімдерді енгізуді талап етеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтік-эмоционалдық тәрбиелеу баланың қоршаған әлемді эстетикалық тұрғыдан эмоционалды қабылдауын, эмоционалды жай-күйлерді саралау дағдыларын, қоғамда өзін ұстаудың белгілі бір дағдыларын қалыптастыру бойынша мақсатқа бағытталған кешенді жұмысты қамтиды.

Мектепке дейінгі жаста осы қасиеттерді үйлесімді кіріктіру баланың шығармашылығын көрсету, өзін-өзі дамыту қабілеті сияқты маңызды жеке қасиеттерін одан әрі дамытуға негіз болады.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуда педагогтерге әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

Бұл материал балабақшаларда мектеп жасына дейінгі балалар үшін әлеуметтік-эмоционалдық бағыттағы тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған құрал болып табылады.

КІРІСПЕ

Қазіргі қоғамда балаларды тәрбиелеуде педагогтер мен ата-аналар көбінесе когнитивтік дамуға көбірек көңіл бөледі де, баланың эмоционалдық саласы тәрбиелеу-білім беру процесінен тыс қалып қояды. IT-технологияларын және цифрландыруды енгізу қоғам өмірінің әртүрлі салаларына қарқынды ықпал етуімен қатар, балаларға теріс әсерін тигізуде, көбінесе мектеп жасына дейінгі бала компьютерлік технологиялармен айналысады да, оның әлеуметке деген қызығушылығы төмендейді, ата-аналарымен, айналасындағы адамдармен эмоционалды байланысты жоғалтады. Сондықтан қазіргі уақытта балалардың эмоционалды тәрбиесіне көбірек көңіл бөлінуде және бұл мәселе мемлекеттік деңгейде шешілуде.

Жаһандық әлемде және Қазақстанда болып жатқан өзгерістер білім беру жүйесінің алдына айрықша міндеттер қояды. Осындай өзгерістердің бірі - ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі құжатын қабылдау болып табылады.

Әлеуметтік-эмоционалды тәрбиелеу бойынша зерттеулердің өзектілігі білім, ғылым және интеллект, жасанды интеллект, ойлау, креативтілік және эмоционалды интеллекттің жаһандық өзгерістеріне байланысты.

Міндеттері:

- педагогтер мен ата-аналардың назарын әрбір баланың эмоционалдық саласының жеке ерекшеліктеріне аудару;
- адамның негізгі эмоционалды жай-күйі және табиғат пен әлеуметтік болмыс туралы педагогтердің білімін жүйелеу;
- ата-аналарға баланың айқын көрінетін эмоционалды жай-күйлері мен оны туындататын себептер арасындағы байланысты байқауға бағыт беру;
- балалардың айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасауға қызығушылықтарын оятуға, теріс эмоционалды жай-күйді болдырмауға және оң қасиеттерді қалыптастыруға педагогтерге көмектесу.

Әлеуметтік-эмоционалды тәрбиелеу мен дамыту педагогтің балалармен ұйымдастырылған іс-әрекеті, балалар әрекетінің түрлері арқылы іске асырылады (интерактивті ойындар, эксперимент, коммуникативтік, танымдық әрекеттер, балалар жобалары және т.б.).

Педагогтер қоғамның қазіргі дамуы жағдайында мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтік-эмоционалды тәрбиелеу мәселелеріне баса назар аудару керек.

ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ

Әлеуметтік-эмоционалдық оқыту бағдарламалары (social-emotional learning) теориялық тұрғыдан позитивтік психологияның постулаттарына негізделген. Баланың оңтайлы дамуын қамтамасыз ету дамудың қиын жағдайларын еңсеруде төзімділікке негізделген тәуекел факторларын азайтудың бұрынғы басым мақсаттарынан ерекшеленеді. Баланың қажеттіліктері мен қабілеттері мектепке дейінгі ұйымның креативті ортасында іске асырылуы тиіс, оның жетістіктерге жетуін, қоршаған ортамен қарым-қатынасын қолдау, жас ерекшеліктеріне сәйкес әлеуметке тартылуы қажет.

Осыған байланысты әлемдік білім беру практикасында таралған әлеуметтік-эмоционалдық тәрбиелеу мен оқытудың кейбір бағдарламаларын атап өтуге болады:

1. Белгілі *әлеуметтік-эмоционалдық оқыту бағдарламасы (SEL)* мектепке дейінгі жас пен жасөспірім (5 жастан 18 жасқа дейін) шақты қамтиды және 30 жылдан астам уақыт бойы Еуропа, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Азия, Таяу Шығыс және Африканың 25-тен астам елінде білім беру жүйесіне енгізілген. SEL бағдарламасын бағалайтын 213 зерттеудің метаталданымы оның АҚШ мектептерінде қолданылу тиімділігін көрсетті. Тест тапсырған оқушылардың жартысына жуығы (47%) әлеуметтік-эмоционалдық дағдылардың, әлеуметтік көзқарастар мен мінез-құлықтың, психикалық денсаулық көрсеткіштерінің және академиялық жетістіктердің жақсарғанын көрсетті. Бұл дағдыларды дамыту жұмысқа ынталандыру, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі түсіну сияқты ұзақ мерзімді нәтижелерді дамытуға ықпал етеді.

2. Ақыл-ойға негізделген әлеуметтік-эмоционалдық оқыту бағдарламаларының бірі (mindfulness) — MindUP — баланың әлеуметтік және эмоционалды тұрғыдан хабардар болуын, психологиялық денсаулықты қолдауға және академиялық үлгерімді дамытуға бағытталған. Өзін-өзі басқару, зейін қою және әлеуметтік таным дағдыларын қалыптастырудың әмбебап стратегиясы даярлық сыныбынан бастап 8-сыныпқа дейінгі үш деңгейдегі білім беру бағдарламасына оңай кіріктіруге болатындай етіп жасалған.

3. RULER approach to SEL. Бұл бағдарламаның атауы оның білім берудегі жалпы бағытты — әлеуметтік-эмоционалды оқытуды іске асыру әдісі екенін көрсетеді. Атауы RULER approach to SEL: тану (Recognizing), түсіну (Understanding), атау (Labeling), өрнек (Expressing) және эмоцияны реттеу (Regulation emotions) дамытуға бағытталған негізгі білім мен дағдыларды білдіретін аббревиатура болып табылады. Бағдарлама Йель эмоционалды интеллект орталығында директор М. А. Бреккеттің (M. A. Brackett) басшылығымен әзірленген және 5-14 жастағы балаларға, мұғалімдерге, білім беру жүйесінің басшыларына, ата-аналарға арналған.

Ол әлеуметтік-эмоционалдық оқытуды академиялық процеске кіріктіруге бағытталады.

4.Promotion Alternative Thinking Strategies (PATHS). Бағдарламаның атауы сөздердің алғашқы әріптерінен тұрады, ол балама ойлау, икемділік және жан-жақты оқыту стратегияларын дамытуға бағытталған. Дамыту моделі таным, эмоция, сөйлеуді кіріктіруге үлкен мән береді, бұл әлеуметтік күзреттіліктің негізі болып табылады. Бұл бағдарлама моделіндегі негізгі түсінікте эмоционалды даму когнитивтік дамудан бұрын берілетіні көрсетілген. Бағдарлама үш негізгі блокты қамтиды: оқуға дайындық және өзін-өзі бақылау, когнитивтік процестерді дамыту (зейін, есте сақтау, ойлау операциялары және т.б.) және өзін-өзі бақылау негіздері. Бағдарлама мектепке дейінгі жастан бастап 6-сыныпқа дейін арналған.

5. Ресейдегі білім беру жүйесі дәстүрлі түрде ең алдымен, білім беруге, зияткерлікті дамытуға, нақты өлшемшарттарды ұстануға бағытталған.

Балалар өмірге қажетті білімді ең алдымен отбасында алады. Алайда, балабақшалар мен мектептерде вариативтік білім берудің пайда болуымен жеке тұлғаны дамытуға, коммуникативтік дағдыларды жетілдіруге және эмоциялар әлемімен танысуға ықпал ететін бағдарламалар сұранысқа ие болды. Олардың арасында қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді бағдарламалар бар, олар мектепке дейінгі жастан жасөспірімдік кезеңге дейін жүйелі жұмыс жүргізуге арналған.

Кейбір бағдарламаларда балалардың эмоционалды дамуы көптеген тақырыптарды қамтиды, ал басқа бағдарламалардың негізгі міндеті-эмоциялармен таныстыру, сезімдерді дамыту бойынша жұмыс жүргізу, эмоционалды сауаттылық пен коммуникативтік дағдыларды дамыту болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуы бойынша келесі бағдарламаларды бөліп көрсетуге болады: «Мен, сен, біз», «Мен және басқалар», «МЕН бейнесіне жол» 4-6 жастағы мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-тұлғалық саласын дамытуға бағытталған.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ ЖӘНЕ ЗИЯТКЕРЛІК ДАМУЫ

Соңғы жылдары мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде баланың зияткерлік даму процесіне бақылау жүргізілуде. Дегенмен, эмоционалды саланы дамытуға көбінесе жеткіліксіз көңіл бөлінеді. Л. С. Выготский атап өткендей, эмоционалды сала мен интеллектің, яғни бұл екі жүйенің үйлесімді жұмыс істеуі, олардың бірлігі кез-келген әрекет түрінің табысты орындалуын қамтамасыз ете алады.

Балабақшадағы мамандар мен педагогтердің міндеттерінің бірі-мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеу және дамыту, оларды негізгі моральдық қасиеттерге баулу, бұл бұдан әрі балаларға басқа

адамдармен қарым-қатынас жасауға және олардың мінез-құлқы мен іс-әрекеттерін дұрыс қабылдауға көмектеседі.

Эмоциялар балалардың өмірінде маңызды рөл атқарады, олар болмысты қабылдауға және іс-әрекеттерді орындауға септігін тигізеді. Заттардың әртүрлі қасиеттерімен таныса отырып, бала қарым – қатынас пен адами құндылықтардың кейбір эталондарын біледі: кейбір заттар, әрекеттер, қылықтарды жағымды эмоциямен қабылдаса, ал басқаларын керісінше қабылдамайды.

Қоршаған әлемді тани отырып, бала ерте балалық шақта заттарға айқын, субъективті, таңдамалы көзқарасын білдіреді.

Ерте балалық шақта баланың басқа балалармен қарым-қатынас жасау дағдылары қалыптаса бастайды.

Екі жаста бала құрдасы жанына келген кезде мазасызданады, ойынын тоқтатып, анасына қарай ұмтылады.

Үш жаста ол басқа балалармен бірге ойнайды, бірақ бірге ойнау сәттері қысқа болады.

Кіші жастағы бала бөбекжайға барғанда ол құрдастарымен тығыз қарым-қатынас жасауға мәжбүр болады және үйде тәрбиеленетін балаларға қарағанда көбірек тәжірибе алады. Бірақ, бөбекжайға баратын балалар жас ерекшеліктеріне қарай кейбір қиындықтарға тап болады. Олар өзіне құрдастары күш көрсеткен, ойыншығын тартып алған жағдайларда ашу-ызаға беріліп, оларды итеріп немесе ұрып жіберуі мүмкін.

Ерте жастағы бала басқа балалармен қарым-қатынас жасағанда үнемі өзінің қалауын ескеріп, өзгенің қызығушылығын ескермейді.

Жанашырлық таныту, өзгелердің қуанышына ортақтасу мектепке дейінгі балалық шақта қалыптасады. Құрдастарымен қарым-қатынас жасау бала үшін пайдалы болып келеді және баланың эмоционалды дамуына ықпал етеді.

Балаларды эмоциялармен таныстыруды тәрбиелеу – білім беру процесінде, белгілі бір ұйымдастырылған іс-әрекеттерде (ойындарда) іске асырылуы қажет, онда балалар эмоционалды жағдайларды сезінеді (бастан кешіреді), өзінің көңіл-күйін вербалды емес құралдармен (ым-ишара, мимика) көрсетеді, құрдастарының тәжірибесімен, сондай-ақ әдебиетпен, кескіндемемен, музыкамен танысады. Сюжетті-рөлдік ойындар мен ойын тапсырмалары, психогимнастика элементтері, мәнерлі қимылдарды орындау, этюдтер, мимика мен пантомимика, әдеби шығармалар мен ертегілер (драматизация ойындары) арқылы педагогтер мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-эмоционалдық саласын дамытуға ықпал етуі тиіс.

Мектепке дейінгі жаста эмоциялардың қалыптасуында бірнеше факторлар маңызды рөл атқарады:

- тұқым қуалаушылық және баланың өзіне жақын ересектермен қарым-қатынас жасаудағы жеке тәжірибесі;

- эмоционалды саланы дамыту факторлары (эмоцияларды білдіру дағдылары және эмоциялармен байланысты мінез-құлық көріністері).

Баланың эмоционалды ерекшеліктері көбінесе оның нәрестелік және ерте балалық шақта алған әлеуметтік тәжірибесінің ерекшеліктерімен байланысты. Баланың айналасындағы адамдармен қарым-қатынасының табысты болуы, қоршаған ортада көрсететін жағымды мінез-құлқы оның жиі сезінетін және білдіретін эмоцияларымен байланысты.

Неғұрлым күшті эмоционалды сезімдер баланы басқа адамдармен – ересектермен және балалармен қарым-қатынас жасауға тартады. Жоғарыда айтылғандай, эмоциялар мен сезімдер баланың ересектермен қарым-қатынас жасау процесінде қалыптасады.

Мектепке дейінгі жаста балалардың ересектерге эмоционалды тәуелділігі сақталады, сондықтан ересектердің мінез-құлқы баланың мінез-құлқын реттеуге және іс-әрекеттерінің белсенді болуына ықпал етуі тиіс.

Егер ересек балаға ықылас білдірсе, оның табысына бірге қуанып және сәтсіздіктеріне күйінетін болса, онда баланың оң эмоционалды көңіл-күйі тұрақты болады, ол әрекет етуге және сәтсіздікке ұшыраған жағдайларда кедергілерді еңсеруге ұмтылады.

Балаға деген сүйіспеншілік, оның құқықтарын құрметтеу, көңіл бөлу эмоционалды көңіл-күйдің негізі болып табылады және баланың жеке басының қалыпты дамуына, жағымды қасиеттерін дамытуға және басқа адамдармен мейірімді қарым-қатынас жасауға ықпал ететін сенімділікті тудырады.

Ересекпен жағымды қарым-қатынас орната отырып, бала оған сеніммен қарайды, айналасындағы адамдармен қарым-қатынасқа оңай түседі. Ересектің қамқорлығы мен тілектестігі баланың жағымды әлеуметтік қасиеттерін дамытуға ықпал етуі қажет.

Ересектердің балаға немқұрайлы қарауы оның әлеуметте белсенділік танытуын анағұрлым төмендетеді: бала тұйық болады, өзін еркін ұстай алмайды, сенімсіздік білдіреді, құрдастарына ренжіген кезде жылайды. Ересектердің теріс ықпалы балада мынадай мінез-құлықты тудырады: ол ересекпен қарым-қатынас орнатуға ұмтылады немесе қарым-қатынастан жасаудан аулақ болуға тырысады.

Баламен қарым-қатынас жасауда ересек эмоционалды ықпал ету тәсілдерін мұқият таңдауы керек. Біртіндеп қарым-қатынастың өзіндік әдісі қалыптасуы қажет, оның негізін жағымды эмоциялар құрауы тиіс.

Сондықтан тәрбиешілер ата-аналармен жұмыс жүргізгенде балалар мен ата-аналарды жақындастыру үшін тиімді қарым-қатынас тәсілдерімен таныстыруы, отбасында эмоционалды және жайлы жағдай жасауға бағыт беруі керек.

Құрдастарымен қарым – қатынас жасауға қажеттілік балалардың бірлескен іс-әрекеті негізінде – ойындарда, еңбек тапсырмаларын орындау кезінде және т.б. дамиды.

Қарым-қатынастың маңызды ерекшелігі - ол әртүрлі коммуникативтік әрекеттерден тұрады. Құрдастарымен қарым-қатынас жасауда бала ересектермен қарым-қатынас барысында қолданбайтын көптеген әрекеттер

мен ым-ишараларды қолдануы мүмкін. Ол құрдастарымен дауласады, оларға өзінің міндетін жүктейді (ойыншықтарды жинау, киімін орнына ілу және т.б.), бір-бірін жұбатады, талап етеді, бұйырады, алдайды, жанашырлық танытады және т.б. Дәл осындай қарым-қатынаста мінез-құлықтың жағымсыз түрлері қалыптасуы мүмкін, мысалы, жасанды қылық көрсету, реніш білдіру, серіктесіне қасақана жауап бермеу, өтірік айту және т.б. Педагог өз жұмысында осы жағдайларды ескеруі керек. Бала тұлға ретінде қалыптасқан кезде оның өзін-өзі бақылау және өз әрекеттерін қадағалау қабілеті артады. Бұл баланың өз эмоциялары мен әрекеттерін басқаруы, сезімдерін, ой-пікірлерін, қалаулары мен мүмкіндіктерін сәйкестендіру болып табылады.

Ата – аналармен әңгімелесу, кеңес беруде тәрбиешілер ересектерге (ата-аналар) баламен тығыз эмоционалды байланыс орнатуы керек екенін түсіндіруі қажет, өйткені басқа (айналасындағы) адамдармен қарым-қатынас жасауы, жағымды қылықтар (іс-әрекеттер) көрсетуі мектеп жасына дейінгі баланың сезімдерін қалыптастырудың маңызды көзі болып табылады.

Балалардың эмоцияларын түсіну үшін ересектер олардың мәнін білуі керек, сонымен қатар балаға шындықтың белгілі бір фактілерін тереңірек түсінуге және оларға дұрыс көзқарас қалыптастыруға көмектесуі қажет.

Мектеп жасына дейінгі баланың мінезі қызба болып келетінін ескерген жөн, өйткені ол бірден эмоциясын (қуану, ренжу, жылау) айналасындағы адамдарға көрсетеді. Баланың қалауларымен байланысты жарқын эмоциялар ерте жасқа тән болып келеді. Бала тікелей қабылдайтын объектілерге эмоционалды түрде жауап береді. Өз эмоцияларын басқара алмайтын кіші жастағы бала үнемі өзін қызықтыратын заттарға көңіл аударады. Баланың сезімдері тез және жарқын көрінеді де, жылдам басылады. Сондықтан осы жаста ұйымдастырылған іс-әрекеттер кезінде балалардың өзін-өзі басқаруын дамытуға ерекше назар аудару керек. Ол үшін балалар әрекетінің әртүрлерін қолдануға болады.

Балабақшаға келгенде бала жаңа, тосын (үйренбеген) жағдайларға, бейтаныс ересектер мен балалардың ортасына тап болады, балабақшаға бейімделе отырып, олармен қарым-қатынас жасауға үйренеді.

Осы кезде баланы эмоционалды жайлы жағдайлармен қамтамасыз ету, құрдастарымен қарым-қатынас жасауға үйрету, әр бала үшін балабақшада және топта қолайлы климат орнату үшін ересектер ат салысуы қажет.

Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды саласын дамытудың негізгі мақсаты – балаларды өзінің және айналасындағы адамдардың эмоционалдық жағдайларын түсінуге үйрету; өз эмоцияларын білдіру тәсілдері туралы түсінік беру (ым-ишара, сөз, сондай-ақ олардың сезімдері мен эмоцияларын басқару қабілетін жақсарту).

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДЫ ДАМЫТУ МОДЕЛІ НЕГІЗІНДЕ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ

Қазіргі кезде елдегі түбегейлі өзгерістер мектепке дейінгі білім беру жүйесі алдында ерекше міндеттер қойып отыр. Осындай өзгерістердің бірі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін» қабылдау болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі – модель) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасының нормалары негізінде және Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1989 жылғы 20 қарашадағы 44/25 қарарымен қабылданған, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысымен ратификацияланған Бала құқықтары туралы конвенцияның нормалары ескеріліп әзірленді және балаларды дамыту мен оқыту талаптарының өзгеруіне және өзекті ғылыми деректерге сәйкес мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды трансформациялау үшін қажетті өзгерістер бағытын айқындайды.

Модель ұлттық құндылықтарды балаларды ерте жастан толыққанды дамытудың заманауи теорияларымен үйлестіруге бағытталады.

Модельдің мақсаты – дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған тәрбиелеу мен оқыту жүйесін өзгерту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың бағыттары мен қағидаттарын айқындау.

Модельдің міндеттерінің бірі инклюзивті білім беруді қоса алғанда, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгертуге жағдай жасау болып табылады.

Модельдің 27- тармағында мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтік-эмоционалдық тәрбиелеуге назар аударылған: әлеуметтік-эмоционалдық тәрбиелеу баланың дамуындағы маңызды компонент болып табылады. Ол өз эмоцияларын түсіну мен басқарудан, эмпатиядан және үнемі дамып отыратын қарым-қатынас дағдыларынан тұрады. Бала тәрбиешілермен және мектепке дейінгі ұйымның басқа да ересек адамдарымен қарым-қатынаста неғұрлым сабырлы болса, баланың психоэмоциялық аман-саулығының негізі болып табылатын оның эмоциялық және әлеуметтік құзыреті де сапалы дамиды. Мектепке дейінгі ұйымдар мен үйде балалардың әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамытуға ерекше назар аудару қажет» - деп атап көрсетілген.

Модельдің күтілетін нәтижелерінде (52 т.): «әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттілікті; когнитивтік және қарым-қатынас дағдыларын дамытуды;

таным мен зерттеуге деген жоғары ішкі мотивацияны дамытуды; бастамашылдықты, дербестік пен жауапкершілікті дамытуды; өзіне және айналасындағыларға қамқорлық көрсетуді; өз бетінше саналы таңдау жасай білуді; командада жұмыс істей білуді; сын тұрғысынан ойлауды дамытуды; креативтілікті қолдауды; психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз етуді» қарастырады.

Мектепке дейінгі ұйым педагогі балалар өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, психологиялық жайлы және қауіпсіз білім беру ортасын құруға қатысып, олардың денсаулығын сақтауы және нығайтуы, білім беру ұйымында болған кезеңде баланың эмоционалдық жайлылығын қолдауы тиіс. Жеке тұлғаның өзінің және басқа адамдардың эмоционалды жай-күйін қабылдау және түсіну қабілетінің дамуы оның қазіргі әлеуметтік-мәдени кеңістікте табысты бейімделуінің шарты ретінде қарастырылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды дамуы – олардың жеке дамуымен, әлеуметтенуі мен шығармашылығын көрсету процесімен, тұлға аралық қатынастарды мәдениет әлеміне енгізумен, мәдени құндылықтарды меңгерумен тығыз байланысты мақсатты педагогикалық процесс.

Мектепке дейінгі жас – балалардың эмоционалды дамуы бойынша жұмысты ұйымдастыру үшін қолайлы кезең. Мектеп жасына дейінгі бала әлеуметтік және мәдени құндылықтарды меңгеруге дайын, өзін басқа адамдар арасынан танытуға тырысады. Балада қабылдау, ойлау, қиял процестерінен эмоциялардың ажырамайтыны айқын байқалады.

Соңғы жылдары психологиялық эмоционалды дамуында бұзылыстары бар балалардың саны артып келеді. Психологиялық эмоционалды дамуында бұзылыстары бар балаларда жиі кездесетін жағымсыз мінез-құлық түрлері: эмоционалды тұрақсыздық, ызақорлық, мазасыздық және олар баланың қоршаған ортамен өзара қарым-қатынас жасауына қиындық келтіреді.

Бақылау нәтижесі эмоционалды даму бойынша ұйымдастырылған жұмыс балалардың әлеуметте табысты бейімделуіне мүмкіндік беретінін көрсетті. Эмоционалды даму баланың өмірін эмоциялармен толықтырады және эмоцияларын реттеуге көмектеседі.

ЭМОЦИОНАЛДЫ ЖАЙ-КҮЙДІ БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ

Баланың эмоционалды жай-күйін бағалаудың негізгі әдісі бақылау болып табылады. Педагог режимдік сәттерде, тәрбиелеу-білім беру процесінде, ойын әрекетінде және еркін ойындарда балаларды бақылай отырып, белгілі бір жағдайларда балада туындайтын қиындықтарды айқындауға, олардың себептерін түсініп, еңсеру жолдарын табуға көмектесуі қажет.

Балаларға эмоцияларды үш жастан бастап таныстыруға болатыны мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс тәжірибесінде байқалды (ортаңғы топ). Балалар қажетті түсініктерді меңгереді, олардың сөздік қоры эмоцияларды білдіретін сөздермен толықтырылады, бірақ «эмоция» сөзінің орнына мектеп жасына дейінгі балалар үшін түсінікті «көңіл-күй» сөзі қолданылады.

Эмоцияны қалыптастыру және эмоционалды саланың кемшіліктерін түзету тәрбиенің маңызды, басым міндеттерінің бірі ретінде қарастырылуы керек. Даму процесінде баланың эмоционалды саласында өзгерістер болатыны белгілі: баланың қоршаған ортаға деген көзқарасы, айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы өзгереді, бірақ эмоционалды сала толығымен өзгермейді, оны әрі қарай дамыту керек. Баланың дамыған эмоционалды саласы келешекте қалыптасқан ересек адамның жоғары эмоционалды интеллектісінің негізі болып табылады. Педагогтер мен ата-аналар баланың болашақта эмоционалды-зияткерлік дамуы үшін жауапты екенін түсінуі өте маңызды.

Баланың эмоционалды саласын дамыту, оларға өз эмоцияларын сезінуге, оларды тануға және эмоцияларын ерікті түрде көрсетуге, өз эмоцияларын білдіру тәсілдері туралы түсінік беру (мимика, ым-ишара, сөз); өз сезімдері мен эмоцияларын басқару қабілетін жетілдіру, әрекет арқылы өзінің эмоционалды жай-күйін білдіруге, басқа адамның эмоционалды жай-күйін түсінуге, өз эмоцияларын бақылауға үйрету қажет.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ЭМОЦИОНАЛДЫ ДАМУ ҚҰРАЛДАРЫ

Эмоционалды күзінеттіліктерді қалыптастыру және дамыту үшін мектеп жасына дейінгі балаларды эмоционалды дамытудың әртүрлі психологиялық-педагогикалық құралдары қолданылады: заттық-кеңістіктік дамытушы орта, ойын, музыка, балалардың көркем шығармашылығы, көркем әдебиет, театрландырылған әрекет.

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта. Бала дамытын орта жеке тұлғаны тәрбиелеуді және балалардың ересектермен әлеуметтік-эмоционалды қарым-қатынасын қамтамасыз етуі тиіс, өзін тұлға ретінде көрсетіп, айналасындағылармен саналы түрде дұрыс қарым-қатынас жасайды.

Баланың жағымды немесе жағымсыз эмоциялары материалдық әлеммен қарым-қатынас процесінде туындайды. Сондықтан заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыруда баланың жақын даму аймағы, жас және жеке ерекшеліктері, қажеттіліктері, ынтасы мен қабілеттері ескерілуі тиіс. Топтағы заттық-дамытушы орта үнемі дамытушы ойындармен, театр түрлерімен, дидактикалық құралдармен, құрастыруға арналған атрибуттармен және т.б. толықтырылып отыруы қажет, бұл балаға өзін қызықтыратын әрекеттерді өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді.

Шығармашылық орталықтары. Балалар шығармашылығына арналған әртүрлі материалдар балалардың шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыруға ықпал етеді, жаңа материалдармен танысуға, олардың сезімдерін байытуға мүмкіндік береді. Сондықтан, шығармашылық орталықтарда балалардың сурет салып, ермексаздан, табиғи материалдан, қағаздан қиып бұйымдар жасауына жағдай жасау қажет.

Шағын кітапхана - ертегілер мен шығармаларға арналған кітаптар мен иллюстрациялар. Балалар кітаптарды қарайды, олардың мазмұнына сәйкес суреттер салғызуға болады. Барлық кітаптар мен иллюстрацияларды айына 1-2 рет жаңарту қажет. Шағын кітапханадағы кітаптар балалардың жастарына сәйкес болуы керек.

Театрландырылған әрекет. Баланың эмоциясын дамыту үшін театрландырылған ойындарды қолдануға болады. Балалар кейіпкерлердің сұрақтарына қуана жауап береді, олардың өтініштерін орындайды, оларға кеңестер береді. Балалар кейіпкерлер күлгенде күледі, олармен бірге мұңаяды, қажет болғанда оларға көмекке көрсетуге дайын. Балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, театрландырған ойындарға көңілді және мұңды шығармаларды таңдауға болады.

Музыка. Музыка өнері эмоционалды тәжірибені кеңейтуге және байытуға мүмкіндіктер береді. Сондықтан балаға эмоцияларын білдіру және бұлшық етті босаңсыту үшін музыкалық шығармаларды қолдану ұсынылады. Көңілді музыка әуеніне музыка жетекшісі үйреткен би қимылдарын орындатуға болады; бейнелеу әрекеті кезінде музыканы қолдану, релаксация кезінде табиғаттағы әртүрлі дыбыстардың (құстардың сайрауы, судың сарқырап ағуы, жаңбырдың жаууы және т.б.) жазбасын қолдану ұсынылады.

Көркем әдебиет. Балалардың эмоцияларын дамыту үшін көркем әдебиетке ерекше мән беру керек. Өңгімелер мен ертегілерді, өлеңдерді тыңдай отырып, балалар кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйренеді. Көркем әдебиетпен таныстыру баланың әлеуметтік бейімделуі үшін психологиялық жағдайлар жасауға мүмкіндік береді. Шығарма кейіпкерлеріне еліктей отырып, балалар өзінің мінезіндегі жағымсыз жақтарын түзетуге үйренеді, бұл баланың табысты әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді.

Эмоцияларды тану және білдіру – баладан белгілі бір даму деңгейін талап ететін өте күрделі процесс. Бала эмоциялардың қандай болатынын жақсы білсе, ол басқа адамның жай-күйін түсінеді және оған эмоционалды түрде жауап береді. Ойындар балалардың эмоционалды жай-күйлерді түсінуін дамытуға көмектеседі. Ойын балалардың жетекші әрекеті болғандықтан, жеке тұлғаның эмоционалды және басқа салаларында оң өзгерістер жасай алады. Топта баланың эмоционалды саласын дамытуға арналған ойындар картотекасы болуы қажет. Ойындарды балалардың жеке және топтық әрекеттері үшін қолдануға болады.

Эмоционалды саланы дамытуға арналған *дидактикалық ойындар* эмоциялар мен сезімдерді ажыратуды және білдіруді үйретіп қана қоймайды,

сонымен қатар оларды мәнерлі, интонациямен сөйлеуді дамыту үшін де қолдануға болады. Балалар эмоцияларға, көңіл-күйге сәйкес әртүрлі сөйлемдер айтуды үйренеді. Күн тәртібінде эмоционалды жай-күйді жақсарту үшін ойындарды, іс-шаралардың әртүрлі нысандарын қолдану мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың денсаулығын, психикалық және физикалық дамуын жақсартуға мүмкіндік береді. Ойындар жағымды эмоционалды көңіл-күй тудыруға, балалардың өзін-өзі бағалауын арттыруға, ұялшақтықтан арылуға ықпал етеді; өзінің мінез-құлқын реттеуге, өзгелердің пікірлерін тыңдауға және шыдамды болуға үйретеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі білім беру әлеуметтік-эмоционалды дамуды қамтитын жаңа тәсілдер мен шешімдерді енгізуді талап етеді, ол табысты әлеуметтік бейімделу мен әлеуметтендіруді, білім берудің тиімділігін, болашақ кәсіби қызмет үшін қажетті қабілеттерді іске асыруға бағытталған.

Мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтік-эмоционалды тәрбиелеу бойынша әдістемелік ұсынымдар педагогтер мен ата-аналарға баланың жағымсыз эмоцияларын бейтараптандыруға және жағымды қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ететін эмоционалды саласының жеке ерекшеліктеріне, эмоционалды тәрбиенің ерекшеліктеріне назар аударуды ұсынады.

Педагогтердің табиғи және әлеуметтік болмыстың объектісі ретінде адамның негізгі эмоционалды жай-күйлері мен эмоцияларын білдіру туралы білімдерін жүйелеу оларға баланың психологиясын және эмоционалды жай-күйін терең түсінуге көмектеседі.

Ата-аналарға баланың эмоционалды жай-күйлерін анықтау және олардың себептерін білу және жағымды эмоцияларын дамыту ұсынылады.

Балаларды әлеуметтік-эмоционалды тәрбиелеу эмоционалды интеллектісі жоғары жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастырудың негізі болып табылады және бала мен ересектердің әлеуметтік-эмоционалды жай-күйін қамтамасыз етеді, бұл баланың өзіне сенімділігін арттыруға, қоғаммен үйлесімді қарым-қатынас жасауына мүмкіндік береді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтік-эмоционалды тәрбиелеу бойынша кешенді жұмыс жүргізу мектепке дейінгі ұйым қызметінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Бұл мәселені мектепке дейінгі ұйымның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің заманауи құқықтық, ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздерді құра отырып, кешенді шешу қажет.

МАЗМҰНЫ

1.Түсіндірме жазба	3
2. Кіріспе	4
3. Шетелдік тәжірибе	5
4. Мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтік-эмоционалдық тәрбиелеу және зияткерлік дамуы	6
5. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі негізінде мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтік-эмоционалдық тәрбиелеу	10
6. Эмоционалды жай-күйді бағалау әдістері	12
7. Мектеп жасына дейінгі балаларды эмоционалды дамыту құралдары	12
8. Қорытынды	15

*Разработана на базе Института раннего развития детей
Министерства просвещения Республики Казахстан*

Методические рекомендации по социально-эмоциональному воспитанию детей дошкольного возраста: Методические рекомендации. – Нур-Султан, 2022. – 32 стр.

Рецензенты:

Сагалиева Ж. К., к.п.н., доцент

Нурлан Э., заведующая

Бейсекеева А.К., методист

В Методических рекомендациях рассматриваются рекомендации по социально-эмоциональному воспитанию детей дошкольного возраста.

Данные Методические рекомендации рекомендованы педагогам дошкольных организаций.

Методические рекомендации рассмотрены и рекомендованы Научно-методическим советом Института раннего развития детей МОН РК (протокол № 8 от 25 августа 2022 года).

Институт раннего развития детей, 2022 год

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

Социально-эмоциональное воспитание детей дошкольного возраста во многом определяется социумом, в котором осуществляется воспитательный процесс.

Под понятием «социально-эмоциональное воспитание» понимается целенаправленное развитие у ребенка осознанного эмоционально-положительного отношения к себе, другим людям, окружающему миру, умение обходиться с эмоциональными состояниями, мнениями и желаниями самого себя и других, а также развитие социально значимых навыков поведения в социуме.

Актуальность данной работы обусловлена также тем, что навыки XXI века требуют освоения новых технологий, запоминания большого количества информации, лабильности мышления, креативности. Кроме того, нестабильность, угрозы современного мира порождают большое количество стрессов и дистрессов, что снижает эффективность воспитания, и обучения ребенка. Дети особенно уязвимы для социальных вызовов и угроз.

Для накопления человеческого капитала необходимо с самого раннего возраста развивать социально-эмоциональные способности. Эмоциональное развитие связано с мотивацией поведения, его регуляцией, оно становится основой мышления, осознанного управления собственными возможностями.

Современное образование требует введения новых подходов и решений, включающих социально-эмоциональное развитие, которое направлено на реализацию способностей, необходимых для успешной социальной адаптации и социализации, эффективности воспитания и образования.

Социально-эмоциональное воспитание детей дошкольного возраста предполагает целенаправленную комплексную работу по формированию у ребенка осознанного эстетического, эмоционального восприятия себя и окружающего мира, навыков дифференциации эмоциональных состояний, знаний определенного поведения в обществе.

Гармоничная интеграция этих качеств к концу дошкольного возраста обеспечит основу для дальнейшего развития таких значимых личностных качеств ребенка, как способность к творческому самовыражению, самореализации и саморазвитию.

Целью методических рекомендаций является оказание методической помощи педагогам по развитию социально-эмоциональных навыков детей дошкольного возраста.

Данный материал является инструментом и методическими рекомендациями для педагогов дошкольных организаций по организации воспитательно-образовательного процесса работы социально-эмоционального направления для детей дошкольного возраста в детских садах.

ВВЕДЕНИЕ

